АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы
2 – 6 қараша



2026 жылғы 2 – 6 қараша

bcc invest

Аптаның басты тақырыптары:

01

- ❑ Қысқаша түйін
- ❑ Нарықтағы негізгі көрсеткіштер

02

- ❑ Аптаның басты оқиғалары:
- Акция: саяси тәуекел ЖИ-ді жаппай сату қарқынын күшейтті
- АҚШ-тың макроэкономикасы
- Облигация және ФРЖ
- Шикізат және валюта
- Аймақтардағы жағдай

03

- ❑ Аптаның басты тақырыбы: ЖИ инвестицияларының өтелуін бағалаудан инфрақұрылымдық шектеу тәуекелдеріне дейін
- ❑ Алдағы апта
- ❑ Қорытынды

Қысқаша түйін

Американдық қор нарығы төртінші апта қатарынан төмендеумен жабылды, ал негізгі қысым тағы да технологиялық секторға түсті. Бір аптада S&P 500 индексі 2,7%-ға, NASDAQ 3,4%-ға, Dow Jones 0,9%-ға, ал Russell 2000 индексі 2,0%-ға төмендеді. Аптаның басты оқиғасы 5 қарашадағы күрт сатылымдар болды: бір күннің ішінде NASDAQ 5,5%-ға құлдырап, түзету кезеңіне өтті, ал жартылай өткізгіштер индексі 12%-дан астам төмендеді. Оған аралық сайлаудан кейін реттеушілік шектеулер деректерді өңдеу орталықтарының құрылысы мен ЖИ-ге салынатын инвестициялар қарқынын баяулатуы мүмкін деген қауіп себеп болды.

Бұл ретте АҚШ макроэкономикасы тұрақтылығын сақтап қалды. Қазан айында ел экономикасында 165 мың жаңа жұмыс орны ашылды, бұл болжамнан біршама жоғары көрсеткіш. Жұмыссыздық деңгейі 4,1%-ға дейін төмендеп, тамыз және қыркүйек айларының деректері 84 мыңға жоғары қарай қайта қаралды. Еңбек нарығының тұрақтылығы желтоқсан айында ФРЖ мөлшерлемесінің тағы да көтерілу ықтималдығын арттырды. Дегенмен акция нарығындағы сатылым кезінде қорғаныс активтеріне деген сұраныстың артуы 10 жылдық АҚШ қазынашылық облигацияларының (UST 10Y) кірістілігін 4,86%-ға дейін төмендетті.

АҚШ-тан тыс нарықтарда әркелкі динамика байқалды. Жалпы алғанда Еуропа нарығы нөлдік деңгей маңында сақталса, Қытай нарығы айтарлықтай қалпына келді. Ал Оңтүстік Корея, Тайвань және Жапония индекстері жартылай өткізгіштер мен ЖИ компаниялары үлесінің жоғары болуына байланысты қатты қысымға ұшырады. Қазақстандық KASE индексі бір апта ішінде шамамен 1,3%-ға төмендеп, 7 815,7 тармақ деңгейінде тұрақтады.

Аптаның басты түйіні: нарық ЖИ-ге салынған инвестициялардың құны мен өтелу мерзімін ғана емес, деректерді өңдеу орталықтарын кеңейтуге қатысты жаңа саяси-реттеушілік тәуекелдерді де бағаға қоса бастады. Бұл инвестициялық белсенділіктің жалғасуына барынша тәуелді сегменттердегі құбылмалылықты күрт арттырды.

Нарықтағы негізгі көрсеткіштер

Индекс	Деңгей	Бір аптада	Жыл басынан
S&P 500	7 377	-2,7%	+8,8%
Dow Jones	51 286	-0,9%	+8,1%
NASDAQ	24 579	-3,4%	+6,3%
Russell 2000	2 753	-2,0%	+11,0%
MSCI EAFE	3 043	-1,8%	+8,0%
MSCI EM	1 502	-4,1%	+9,1%
KASE	7 816	-1,3%	+11,2%
VIX	25,6	+32,0%	+70,7%

Аптаның басты оқиғалары

Акция: саяси тәуекел ЖИ-ді жаппай сату қарқынын күшейтті

Осы аптада сатылым сипаты айтарлықтай өзгерді. Қазан айының соңында инвесторлар ең алдымен күрделі шығынның көлемі мен оның өтелу мерзіміне алаңдаса, енді оған деректерді өңдеу орталықтары мен ЖИ инфрақұрылымына қатысты реттеушілік талаптардың күшею тәуекелі қосылды. Апта басындағы өсімнен кейін сәрсенбі күні сату көлемі күрт үдеді: NASDAQ индексі 5,5%-ға, ал жартылай өткізгіштер индексі 12%-дан астам төмендеді. Бір күннің ішінде ірі технологиялық компаниялардың нарықтық капиталдануы $1 трлн-ға қысқарды.

Деректерді өңдеу орталықтарының кеңею қарқынына барынша тәуелді компаниялар ең көп зардап шекті. Бейсенбі күні Nvidia акциялары шамамен 9%-ға, AMD 17%-ға, SanDisk 22%-ға, ал Western Digital шамамен 17%-ға арзандады. Инфрақұрылым жеткізушілері де қысымға ұшырады, өйткені нарық жаңа қуаттардың баяу іске қосылуы мен қаржыландыру құнының жоғары болуын бағаға қоса бастады. Сонымен қатар жұма күні нарықта серпіліс байқалды: AMD шамамен 11%-ға, Intel 8%-ға, Micron 5%-ға, ал Nvidia 3%-ға көтерілді. Бұл осы аптадағы техникалық сатылым мен қысқа позициялардың үлесі жоғары болғанын көрсетеді.

Керісінше кейбір компаниялар мықты қаржылық нәтиженің арқасында тұрақтылық танытты. Apple компаниясы iPhone мен Mac сатылымының және Қытайдағы сұраныстың қалпына келуі есебінен рекордтық тоқсандық түсім мен бір акцияға шаққандағы табыс туралы есеп берді. Технологиялық сектордан тыс капиталды аз қажет ететін бизнес-модельдері және тұрақты ақша ағыны бар компаниялар әлдеқайда орнықты көрінді. Ақпараттық технологиялар секторы 6,9%-ға, ал энергетика 11,9%-ға төмендеген тұста коммуникациялық қызметтер мен тұтыну секторы аптаны оң нәтижемен аяқтады.

Облигация және ФРЖ

Қазынашылық облигациялардың кірістілігі бесінші апта қатарынан төмендеп келеді. Мұның басты себебі — ақша-кредит саясатының тез арада жұмсаруын күту емес, акциялар нарығындағы сатылымдар аясында қорғаныс активтеріне деген сұраныстың артуы. Керісінше жұмыспен қамту жөніндегі мықты есеп кірістіліктің одан әрі төмендеу мүмкіндігін шектеді. Жаңадан 165 мың жұмыс орны ашылғаннан кейін нарық қатысушылары желтоқсан айында мөлшерлеменің қосымша көтерілу ықтималдығын белсенді түрде бағаға қоса бастады.

Кірістілік	06.11.2026	30.10.2026	Өзгеріс
UST 2Y	4,52%	4,57%	-5 б.т.
UST 10Y	4,86%	4,91%	-5 б.т.
UST 30Y	5,26%	5,29%	-3 б.т.

Аптаның басты оқиғалары

АҚШ-тың макроэкономикасы

Қазан айындағы жұмыспен қамту есебі болжамнан әлдеқайда жоғары шықты: жұмыс орындарының саны 165 мыңға артып, жұмыссыздық деңгейі 4,1%-ға дейін төмендеді, ал жұмыс күшіне қатысу үлесі 61,9%-ға жетті. Қыркүйек айында JOLTS есебі бойынша бос жұмыс орындары 7,52 миллионға дейін көбейсе, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген алғашқы өтінімдер 189 мыңға дейін азайды. Бұл еңбек нарығында әзірге күрт бәсеңдеу белгілерінің жоқ екенін растайды.

Іскерлік белсенділік те жоғары деңгейде сақталды. Қазан айында ISM Manufacturing индексі 55,5 тармаққа дейін көтеріліп, өнеркәсіп секторы онынші ай қатарынан өсім аймағында қалды. Ал ISM Services индексі 54,5 тармақты құрады. Экономиканың тұрақты өсуі мен инфляциялық қысымның әлі де жоғары болуы ФРЖ-ға ақша-кредит саясатын жедел жұмсартуға көп мүмкіндік қалдырмай отыр.

Шикізат және валюта

WTI маркалы мұнай бір аптада шамамен 12%-ға арзандап, сауданы барреліне $90,9 деңгейінде аяқтады. Мұнай нарығы сайлаудан кейінгі геосаяси шиеленістің бәсеңдеуіне және Иранға қатысты дипломатиялық белгілердің қайта жануына осылайша үн қатты. Осының аясында S&P 500 энергетикалық секторы шамамен 12%-ға төмендеді. Алтын, керісінше, бір аптада 4,6%-ға қымбаттап, үш аптаға созылған құлдырауды тоқтатты. Нарықтағы құбылмалылықтың артуы мен қорғаныс активтеріне деген сұраныс нығайған доллар мен жоғары нақты мөлшерлемелердің қысымын еңсерді.

Аймақтардағы жағдай

Еуропа АҚШ-қа қарағанда орнықтырақ көрінді: аймақтық индекстер жалпы алғанда аптаны нөлдік деңгей маңында аяқтаса, Франция мен Италия оң динамика көрсетті. Бұл ретте еуроаймақтағы инфляция 4,0%-ға дейін жеделдеп, Англия Банкі мөлшерлемені 25 б.т.-ға (4,0%-ға) дейін көтерді. Азия нарықтарында айтарлықтай алшақтық байқалды: Қытай нарықты қолдаудың жаңа шаралары аясында өсім көрсетсе, Оңтүстік Корея мен Тайвань жартылай өткізгіш компаниялар үлесінің жоғары болуына байланысты күрт төмендеді. Жапон нарығы да ЖИ-активтердің жаһандық сатылымы аясында айтарлықтай шығынға ұшырады.

Аптаның басты тақырыбы: ЖИ инвестицияларының өтелуін бағалаудан инфрақұрылымдық шектеу тәуекелдеріне дейін

Соңғы бірнеше аптада нарық еркін ақша ағынына, борыштық қаржыландыруға және өзін-өзі ақтау мерзімдеріне қатысты мәселелерге қатысты мәселелерге байланысты капиталды көп қажет ететін ЖИ-жобаларға берілетін сыйлықақыны біртіндеп төмендетті. Осы аптада келесі кезең басталды: инвесторлар алғаш рет деректерді өңдеу орталықтары құрылысының қарқыны саяси және реттеушілік шешімдермен шектелуі мүмкін деген тәуекелді бағаға қоса бастады.

Бұл жартылай өткізгіштер, деректерді өңдеу орталықтары және сабақтас инфрақұрылым секторларындағы сатылымдардың неліктен анағұрлым күшті болғанын түсіндіреді. Сонымен қатар АҚШ-та жұмыспен қамту және іскерлік белсенділік жоғары деңгейде қалып отыр. Сондықтан бұл қозғалыс жалпы экономикалық құлдыраудың белгісі емес, нақты бір инвестициялық бағыттың күрт қайта бағалануына көбірек ұқсайды. Инвестициялық портфельдер үшін бұл әртараптандыру мен тұрақты ақша ағыны бар компанияларды іріктеудің маңыздылығын арттырады.

Алдағы апта

Қазан айындағы CPI (тұтынушылық бағалар индексі) осы аптаның басты макроэкономикалық оқиғасы болмақ, ал жұма күні жарияланатын PPI (өндірушілер бағасының индексі) баға қысымына қатысты қосымша бағдар береді. Сонымен қатар нарық федералдық бюджет көрсеткіштерін, тұрғын үй сатылымын және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген апта сайынғы өтінімдерді бақылайды.

Акциялар нарығы үшін басты мәселе – жұма күнгі жартылай өткізгіштер секторындағы өсімнің тұрақтылығы мен түзету кезеңіне өткен NASDAQ индексінің тұрақтану қабілеті болып қала береді. Реттеушілік күтулер жақсарған күннің өзінде нарықтағы құбылмалылық жоғары деңгейде сақталуы мүмкін.

Қорытынды

Бұл апта соңғы айлардағы ЖИ бағыты үшін ең күрделі сынақ болды. Еңбек нарығының тұрақтылығы мен деректерді өңдеу орталықтарына қатысты жаңа реттеушілік тәуекелдер технологиялық компанияларды күрт қайта бағалауға алып келді. Жұма күнгі серпіліс нарықтағы қозғалыстың бір бөлігі техникалық сипатта болғанын көрсетті. Дегенмен нарық әлі де болжамдардың нақты пайда және тұрақты ақша ағынымен расталуын талап етеді.

Байланыс деректері

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр

«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы

https://www.bcc-invest.kz

https://www.instagram.com/bcc.invest

https://t.me/bcc_invest



Маңызды ақпарат

Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.

Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.

BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.

BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базалық активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, ол үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.

Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдер түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.

Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және онымен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.

Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.

Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.